Современная компаративистика дает ключ к ответам на вызовы времени в поисках духовных ориентиров, связанных с проблемой национальной идентификации. Степь как национальный образ маркирует поиски национальной идентичности в начале третьего тысячелетия, порождая миф-образ и, одновременно, национальный бренд «Казахстан — страна Великой степи».

Список литературы

- 1 Бекметов Р.Ф. Литературная компаративистика как методологическая проблема / Р.Ф. Бекметов // Вестн. ТГПУ. — 2010. — № 4(22). — С. 52–58.
- 2 Богаткина М.Г. О формировании новой парадигмы в современной компаративистике / М.Г. Богаткина // Русская и сопоставительная филология: состояние и перспективы: Междунар. науч. конф., посвящ. 200-летию Казан. ун-та. — Казань: Изд-во Казан. ун-та, 2004. — С. 302–304.
- 3 Одровонж-Пененжек Я. Пушкин и польский романтик Густав Зелинский / Я. Одровонж-Пененжек // Пушкин. Исследования и материалы. — М.: Л., 1958. — Т. 2. — С. 362–368. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://feb-web.ru/feb/pushkin/serial/is2/is2-362-.htm>
- 4 Текст поэмы «Киргиз» цитируется по статье: Стеклова Ф.И. Густав Зелинский — автор поэмы «Киргиз» / Ф.И. Стеклова // Филологический сб. — Вып. 2. — Алма-Ата, 1963. — С. 196–209.
- 5 Гребенщиков Г.Д. Ханство Батырбека. Собрание сочинений: [В 6 т.]. — Т. 2 / Г.Д. Гребенщиков. — Барнаул, 2013. — С. 145–193.
- 6 Маркина П.В. Авторский миф об Алтае в книге Г.Д. Гребенщикова «Моя Сибирь» / П.В. Маркина // Материалы Десятых международных Сейтеновских чтений. — Кокшетау: Кокше, 2016. — С. 265–269.

С.Т. Касенов, Л.И. Абдуллина, П.Л. Маркина

Ұлы дала бейнесі жаңа компаративистика аспектісінде (Г. Зелинскийдің «Қырғыз» поэмасы және Г. Гребенщиковтың «Батырбек хандығы» повесі)

Мақалада поляк ақыны Г. Зелинскийдің «Қырғыз» поэмасы және Г. Гребенщиковтың «Батырбек хандығы» повесіндегі дала бейнесі әдеби параллельдер материалдары негізінде зерттелген. Аталған шығармалар бірнеше мәрте поляк, орыс және отандық зерттеушілердің ғылыми нысанына айналған болатын. Бұл реттегі зерттеушілік ауанда этнографиялық пікірлер басым болды. Мақала аясында қабылданған салыстырудың ерекшелігі — дала бейнесінің жаңа ракурста апробациялануында деп білеміз. Көркем дүниелердің өзара әрекеттестік феноменін сипаттай отырып, мақала авторлары қазіргі заманғы компаративистік көзқарастарды қолданған, тарихи-әдеби перспективадағы дала образын жасаудың бастауларын интерпретациялау үдерісіндегі заңдылықтарды саралауға басымдық берген. Салыстырмалы имагология тәсілдеріне көшу Ұлы дала елі ретінде Қазақстанның қазіргі заманғы елдік брендіне тарихи проекцияға дейін пайда болу мен болмыстан бейненің қалыптасуын қадағалауға мүмкіндік береді. Имагологиялық әдістеме ұзақ уақыт бойы параллельді тарихи-әдеби процестердің терең бастауларын шынайы түрде берген. Авторлардың ғылыми нұсқасына сәйкес мәтіндік иллюстрациялар Дала бейнесінің ментальды табиғатын айғақтайды. Ғылыми бақылаулардың нәтижесі ретінде әдеби ұқсастықтарды зерттеуде жаңа компаративистік тәсілдердің өнімділігі туралы қорытынды болып табылады.

Кілт сөздер: компаративистика, имагология, этнографиялық экзотика, тұрмыстық жазба, көркем сурет, дискурс, концепт.

S.T. Kasenov, L.I. Abdullina, P.V. Markina

The image of the Great steppe in the aspect of the new comparativity (G. Zelinsky's poem «Kirgiz» and G.D. Grebenshchikov's story «Batyrbek`s Khanate»)

The article explores the image of the steppe on the material of the literary parallel: the poem of the Polish poet G. Zelinsky «Kirgiz» and the story of G. Grebenshchikov «Batyrbek`s Khanate». The named works repeatedly became the subject of scientific observation by Polish, Russian and domestic researchers. Moreover, the focus was mainly on ethnographic commentary. The originality of the comparison undertaken within the framework of the article — the image of the steppe — but in the testing of a new perspective. Describing the phenomenon of the interaction of the artistic worlds, the authors of the article apply modern comparative approaches, shifting the emphasis from highlighting patterns in creating the image of the steppe to interpreting the origins of this process in the historical and literary perspective. The transition to the methods of comparative imagology allows you to track the formation of the image from its inception and existence up to historical projection on the modern country brand of Kazakhstan as the great steppe country. Imagological methodology authentically conveys the deep sources of parallel historical and literary processes over a long time. Textological illustrations in accordance with the scientific version of the authors prove the mental nature of the image of the steppe. The result of scientific observations is the conclusion about the productivity of new comparative approaches in the study of literary analogies.

Keywords: comparative studies, imagology, ethnographic exotics, genesis, artistic image, discourse, concept.

References

- 1 Bekmetov, R.F. (2010). Literaturnaia komparativistika kak metodologicheskaia problema [Literary comparative studies as a methodological problem]. *Vestnik Tatarskogo gosudarstvennogo humanitarno-pedahohicheskogo universiteta — Bulletin of the Tatar State University of Humanities and Education*, 4 (22), 52–58 [in Russian].
- 2 Bogatkina, M.G. (2004). O formirovanii novoi paradihmy v sovremennoi komparativistike [On the formation of a new paradigm in modern comparative studies]. Russian and comparative philology: state and prospects '04: *Mezhdunarodnaia nauchnaia konferentsiia, posviashchennaia 200-letiiu Kazanskogo universiteta — International scientific conference dedicated to the 200th anniversary of Kazan University*. (pp. 302–304). Kazan: Izdatelstvo Kazanskogo universiteta [in Russian].
- 3 Odrovonzh-Penezhek, Ya. (1958). Pushkin i polskii romantik Hustav Zelinskii [Pushkin and the Polish romantic Gustav Zelinsky]. *Pushkin. Issledovaniia i materialy — Pushkin. Research and materials*, Vol. 2, 362–368. Retrieved from <http://feb-web.ru/feb/pushkin/serial/is2/is2-362-.htm> [in Russian].
- 4 Steklova, F.I. (1963). Hustav Zelinskii — avtor poemы «Kirhiz» [Gustav Zelinsky — author of the poem «Kyrgyz»]. *Filolohicheskii sbornik — Philological collection*, 2, 196–209 [in Russian].
- 5 Grebenshchikov, G.D. (2013). *Khanstvo Batyrbeka [Khanate of Batyrbek]*. (Vol. 1–6). Barnaul [in Russian].
- 6 Markina, P.V. (2016). Avtorskii mif ob Altae v knihe G.D. Grebenshchikova «Moia Sibir» [The author's myth of Altai in the book of GD Grebenshchikov «My Siberia»]. *Materialy Desiatykh mezhdunarodnykh Seitenovskikh chtenii — Materials of the 10th International Seytenov readings*. (p. 265–269). Kokshetau: Kokshe [in Russian].

Ж.Ж. Жарылғапов, Д.Ш. Омирбекова

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: zharylgapov_zhan@mail.ru)*

Қазақ әдебиетіндегі лирикалық проза

Мақалада лирикалық прозаның теориялық тұрғыдан зерттелуіндегі тәжірибелер сараланған. Әлемдік және ұлттық әдебиет теориясындағы лирикалық проза жайындағы ғылыми көзқарастар жүйеленген. Қазақ әдебиетіндегі лирикалық проза ізденістері жан-жақты сараланған. Прозадағы эпос пен лирика тектерінің арақатынасы, лиризм мен психологизмнің байланысы, автор мен кейіпкер дүниетанымының байланысы туралы талдаулар жүргізілген. Қазіргі қазақ қаламгерлерінің дүниетанымының негіздері мен көркем ойлау жүйесіндегі лирикалық тенденциялардың алатын орны айқындалған. Лирикалық прозаның поэтикалық жүйедегі қолданыстарының әдіс-тәсілдері нақтыланған. Лиризмнің реализммен, романтизммен байланыстары жөнінде ғылыми тұжырымдар жасалған. Лирикалық проза үлгісінде жазылған шығармалардағы ішкі монологтың, пейзаждың рөлі көрсетілген. Олардың идеялық-эстетикалық сипаттары, типологиялық қырлары ашылған.

Кілт сөздер: лирика, лиризм, лирикалық проза, лирикалық кейіпкер, лирикалық баяндау, ішкі монолог, пейзаж, автобиографизм, романтизм, сюжет, образ.

XX ғасырдың соңғы ширегіне қарайғы прозада оң өзгеріс, оқшаулап айтуға болатындай табыстардың ішінде жазушылардың лирикалық проза тәсілдерін жете зерттегені болып отыр. Характер айшықтаудың, шығармадағы эстетикалық қуатты арттыру жолында Б. Майлиннің дәстүрін жетілдіре түсті. Кейіпкер сезімі мен суреткер сезімі астасып келіп отыратын, өмірлік оқиғаларға, тартысқа қаламгердің қатысы шебер үйлесіп, табиғи арна тауып жататын терең лирикалық стиль О. Бөкей, Ә. Кекілбаев, Д. Исабеков сынды жазушылар талантының бір қыры болып табылады.

Біз де алдыңғы зерттеулерімізде «Лирикалық әуен, әсіресе, ауыл өмірін тақырып еткен шығармаларда, соның ішінде Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі тыл өмірін, қазақ даласының тынысын танытқан туындыларда сәтті қолданылды. Бұл орайда жазылған бірнеше әңгімелермен қоса С.Мұратбековтың «Жусан иісі», «Жабайы алма», Д. Исабековтың «Біз соғысты көрген жоқпыз», О. Бөкейдің «Бәрі де майдан» повестерін ерекшелік көрсетуімізге болады. Жалпы творчестволық психологияда нақты бір тақырып ашуға орайлы келетін әдеби әдістер мен көркемдік тәсілдер болатынын байқап жүрміз. Жаңағы аталған шығармалар — соның мысалы. Прозадағы мұндай құбылыстар — ғылыми түсінік берілуін күтіп тұрған мәселелердің бірі», екенін атап өткенбіз [1;17].

Сонымен қатар, О. Бөкейдің бірқатар повестері — «Өліара», «Елең-алаң», «Мынау аппақ дүние», «Қар қызы», «Мұзтау», «Қайдасың, қасқа құлыным», Д. Исабековтің «Бекет», «Гаухар тас», Ә. Таразидің «Аяз бен Бибі», Ә. Кекілбаевтің «Бір шоқ жиде», «Құс қанаты» сияқты повестері — лирикалық прозаның үлгілері.

XX ғасырдың 70–80-ші жылдарындағы әдеби үрдісті таразылай келіп, осы аталған повестерді талдағанда қазақ сыншылары «сыршыл психологизм» деген терминді жиі қолданады. Әрине, лирикалық прозада психологизм сияқты бейнелеу тәсілінің айрықша орын алатыны рас. Бірақ біз жазушылардың лирикалық стилін сөз еткенде автор мен образдың, шындықтың сезімдік ара қатынасын ескеруіміз керек. Ал, психологиялық талдауда образ эволюциясының жекелік принципі алдыңғы қатарға шығады. Сондықтан да әдеби туындыларды салмақтай-саралай келгенде, шығарманың жанрлық түр-белгілерін ажырата отырып үңілсек, тұтас көркемдік дамудағы нақты бір шығарманың немесе жазушының өзіне тән суреткерлік бейнесін неғұрлым тереңірек ашуға көмегін тигізері даусыз.

Жалпы лирикалық проза — кейіпкердің жан дүниесіндегі халі мен ой өзгерістерінің санада таңбалануына негізделетін прозаның стильдік бір түрі. Лирикалық прозаның стильдік белгілері, шығарма поэтикасындағы лирика мен эпос тектеріне тән ерекшеліктердің өзара жымдасуынан келіп шығады. Яғни лирикаға тән субъективті баяндау, айнала дүниені жеке сана арқылы таңбалау проза құрылымында батыл қолданылады. Баяндау үдерісінде автор танымы мен кейіпкер танымы астасып, кейіпкер көзқарасы автор көзқарасымен тұтастанып кетеді. Өмір фактілері шынайы, дәл қалпынан

гөрі автордың ішкі жан қозғалыстарына бағындырыла, жеке санасының ерекшеліктеріне сәйкес бейнеленеді. Ал лирикалық прозаның эпос тегіне қатыстылығы шығармада оқиғаның болуынан, бейнелеу құралдарының бас кейіпкердің болмысын ашуға бағытталатынынан, әлеуметтік байланыстар сырына дендеуден айқаталып отырады. Лирикалық прозада стильдік-композициялық тәсілдердің негізгісі — сана ағымы түрінде келетін ішкі монологтар. Бұл монологтар жеке сезімнің туу, даму жолын, ол сезімдердің өмірдегі көріністерін суреттеуде пайдаланылады. Ретроспекциялық суреттер, күнделіктер, автобиографизм де лирикалық прозаның хас белгілері.

Еуропада лирикалық прозаның шебері деп М.Пруст аталады. Оның «Жоғалған уақытты іздеу» (1913–27) романдар циклы лирикалық прозаның классикалық үлгісі боп есептеледі. XIX және XX ғасырлар тоғысындағы орыс символическі де лирикалық прозаны өркендетуге ат салысты. А.Белыйдың, Ф.Сологубтың, В.Брюсовтың ой мен жанды зерттеу барысында әлемді кейіпкерлері арқылы автордың жеке санасына бағындыруға арналған тәжірибелерін білеміз.

«Лирикалық кейіпкер» деген термин қазіргі кезде прозалық шығармаларда да қолданылып жүргенімен, ол ең алғашында лирика саласында тұрақтанған болатын. Бұл жекелеген өлеңдерде ғана емес, ақынның бүкіл шығармашылық контекстінде, тіпті болмағанда белгілі бір кезеңдегі өлеңдерінде, өлең немесе циклдар кітаптарында берілетін ақынның образы. Л.Гинзбургтің пікірінше, лирикалық кейіпкердің болуына қажетті шарт «белгілі бір мәселелерге, көңіл-күйге негізделген автор санасымен бірлік» болып табылады [2; 155].

Лирикалық прозада бұл образ мүлде басқа мәнге ие. Лирикамен салыстырғанда мұнда лирикалық кейіпкердің нақты өмірбаяны беріледі, ол өзін іс-әрекеттері, оқиғаға қатысуы, өзге кейіпкерлермен қарым-қатынасы арқылы көрсете алады. Ол авторға жақын ғана болып қоймайды, белгілі бір дәрежеде автор көңіл-күйін әр қырынан анық жеткізеді. Лирикалық кейіпкердің қатысуы жазушының шығармасында оқиғалар мен образдарға шектеу қоюы мүмкін, бірақ сонымен қатар ол болып жатқан оқиғаның негізіне терең үңілуге мүмкіндік береді.

Лирикалық прозада автор өзінің ең құнды ойлары мен сезімін кейіпкеріне сеніп тапсырады. Жеке өмірі туралы айта отырып, жалпы өмір туралы, адамның өмір сүруінің мәні туралы баяндайды. Шындықтан ауытқымай, нақты оқиғалардың ортасында болуы кейіпкердің рухани өмірін байыта түседі. Болып жатқан оқиғаларға қатысу сол уақытқа және адамдарға өзінің көзқарасын білдіруге деген қызығушылығын тудырады. Лирикалық кейіпкерді автордан бөлек қарастыру мүмкін емес. Оның көбіне өзінің жеке көзқарасы мен түсінігі, осыған орай өзіндік айтар сөзі де жоқ. Ол тек жазушының ойын, сезімін, көзқарасын, ұстанымын ашып көрсетеді. Автор — лирикалық шығармалардағы жалғыз субъект. Лирикалық прозаның сыршылдығының мәні де осында жатыр.

Ғалым Б.Майтановтың: «Шығармаға автор тікелей қатысса, не лирикалық кейіпкердің рөлін атқарса міндетті түрде жазушының бейнелеу объектісіне көзқарасы, қаһарман характеріндегі қалтарыстарды ашу ниеті, психологиялық жүрістері өз жүрегіндегі қылдарды қозғап, азаматтық тебіреністер туады» [3; 97] деген пікірі біздің айтпақ ойымызды дәлелдей түседі.

Лирикалық шығармаларда адамзатқа тән адам жанының тылсымына ден қою, оның ой-аңсар, сезім сырларын зерделеу, жеке бастың көңіл күй сарындарын қоғамдық болмыспен тығыз байланыста, әлеуметтік өзгерістермен, уақыт тынысымен астаса көрініс береді. Автор сезімі лирикалық шығармада белгілі бір құбылысқа қатысы тұрғысынан көрінеді. Мұндай шығармаларда автор позициясы сақталып, тек көріну ерекшелігі әртүрлі болады. Шығармада автордың мінезі де көрініп отырады. Сол секілді жазушының шығармаларында бір-біріне мүлде ұқсамайтын бейнелер көрініп, бірінде мұңаяды, қуанады, не болмаса сүйсінеді, не жек көреді. Бірақ осының барлығына да бір көзқараспен қарайтын лирикалық кейіпкер бар. Жазушының жеке көзқарасы мен сезімінің нәтижесінде лирикалық кейіпкер туады.

Шығармадағы «автор бейнесінің» көріну дәрежесі әртүрлі болады. Кейде ол шығармада барынша «анық көрінеді», яғни шығармадағы болып жатқан оқиға, құбылыстарға автордың көзқарасы, қатынасы анық бейнеленеді. Мысалы, «Жусан иісінде» автор мен лирикалық кейіпкер тұтасып кеткен. Бірінші жақтан, «мен» түрінде баяндап отырған лирикалық кейіпкерді автордан бөліп қарау мүмкін емес. Ал енді ол бірде «жасырынып», кейіпкер бейнесінің «тасасында қалады». Мұндай ерекшелікті көбіне үшінші жақтан, яғни автор бейтарап тұрып, әңгімелеушінің атынан баяндалатын шығармалардан кездестіруге болады. Бірақ олардың қай-қайсысы да «автор бейнесін» сипаттайды.

Мысалы, О.Бөкейдің «Атау-кере» шығармасында «Неге біз осы?» деген сұраққа кейіпкерлерімен бірге автордың өзі де жауап іздейді. Тағанның «негесі» қоғамдық әлеуметтік құбылыстар мен

мәселелер төңірегінде болса, Айнаның «негесі» өз отбасының, жұбайымен арасындағы қарым-қатынас төңірегінде. Кейіпкерлерінің өз сұрақтарына жауап іздеп, толғануын бере отырып, автор оларға өзінің де қалай қосылып кеткенін аңғармай қалатындай.

Лирикалық прозадағы баяндау үлгісінің тағы бір ерекшелігі — фольклорлық желілер мен сюжеттерді пайдаланып қана қоймай, қазақ прозасындағы басты көркемдік әдістердің бірі — фольклорлық образдылық пен фольклорлық жанрларды психологиялық тұрғыдан интерпретациялау. Бұл да лирикалық прозаға тән сипаттардың бірі болып табылады. Себебі, автор тілсіз жануарлардың атынан баяндағанмен, мұнда толығымен өзінің ұстанымы көрініс табады. Кейіпкерінің бар көңіл-күйін, сезімін өз басынан өткізіп, өзін соның орнына қойып отырып, алған әсерін, жан дүниесін суреттейді. Бұл өз кезегінде жазушының баяндау стилін айқындайды. Әрбір қаламгердің өзіндік жазу мәнері мен машығы, кейіпкер сомдау шеберлігі, өмір шындығын көрсету ерекшеліктері болады. Көркем дүниеден жазушының ой-өрісі, тіл шеберлігі, өзіндік стиль ерекшелігі көрініп тұрады. Бұл тұста орыс зерттеушісі Г.А. Абрамовичтің: «Стильге енбейтін ешнәрсе жоқ. Шығарманың тақырыбы да, идеясы да, тілі де, композициясы да стильдік элементтер» [4; 352], — деген пікіріне сүйенсек, жазушының өз кейіпкерінің ішкі әлемін баяндау тәсілі арқылы жеткізуді де шеберліктің бір түрі екені сөзсіз.

Осы тұрғыдан алсақ, Ә.Кекілбаевтің «Бәйгеторысы», М.Мағауиннің «Таының өлімі», О.Бөкейдің «Бурасы» мен «Кербұғысы» қазақ прозасының баяндау стиліне жаңалық әкелген дүниелер болып табылады. Бұл шығармаларда лирикалық сипат басым. Себебі жазушы өз кейіпкерінің мінез-құлқын, іс-әрекетін, көзқарасын, пайым-түсінігін өзінің ой елегінен өткізе отырып, оқырманға жеткізген.

Автор образының, әсіресе, прозалық шығармалардағы мәні ерекше. Кейіпкерлерді сөйлетіп, оларды әртүрлі оқиғаларға қатыстырып отыратын автор сөзіне автордың өз бейнесі туралы түсінік қалыптасады. Шығармаларда жануардың ішкі жан-дүниесі, күйзелісі, психологиясы, өмірге, айналасында болып жатырған құбылыстарға, адамға, олардың іс-әрекеттеріне деген ойы, түсінігі жан-жақты шебер де нанымды көрінеді.

«Бәйгеторыны» алсақ, негізгі ерекшелік — өмір шындығын лирикалық тұрғыдан интерпретациялау. Бұл тәсіл — баяндаушы бейнесінің эмоциялық-сезімдік әсерлілігін күшейтіп, қаһарманның жан дүниесін мейілінше терең түсінуге мүмкіндік берген. Бұл көркемдік табысқа жазушылар қазақ фольклорындағы дүниені лиро-эпикалық тұрғыдан игеру дәстүрін меңгеру нәтижесінде қол жеткізген. Жазушыларды қаһарманның іс-әрекеті ғана емес, ішкі әлемі қызықтырады, суреттеліп отырған оқиғадан гөрі кейіпкердің сол оқиғаға қарым-қатынасы, көзқарасы қызықтырады. Баяндаушы өз қаһарманына іш тартып, баяндаудың басым бөлігін кейіпкерін сөйлетуге арнайды.

Лирикалық прозаны зерттеуші-ғалым Я.Эльсберг лирикалық проза мен психологизмнің тұтастығын айта келіп: «Шын мәніндегі лирикалық стильдің тазасында өз ойлары, сезімдері мен тебіреністері немесе солардың кейбір қырлары мен қасиеттері туралы айтуына хақы бар адам тұруы шарт», — деген болатын [5; 167].

Жазушы шығармасындағы лиризм адамды және әлемді танытудың тәсілі. Ол адамның ішкі әлеміне терең үңілуден, кейіпкер монологының жетекші рөлінен, психологиялық характерді тереңдететін поэтикалық түрдегі пейзаждан көрінеді. Лирикалық проза эпос пен лириканың белгілерін автордың жетекшілік рөлімен тұтастыра отырып, өзінің түрлік және құрылымдық ерекшеліктерін көрсетеді. Қаламгердің ішкі жан дүниесін суреттеудің негізі болып табылады; басты назар әңгімелеушінің өмірге қатынасына, оның ойларына, сезімі мен толғанысына аударылады. Мұнда қосымша, маңызы жоқ мәселелердің бәрі назардан тыс қалады, негізінен кейіпкерлерді сұхбатқа әкелетін құбылыс, сезім ғана қалады. Жазушы үшін бастысы — ойдың дамуы болып табылады.

Жазушының образдары ең алдымен лирикалық кейіпкердің сезімі мен көңіл-күйін анықтап береді. Лирикалық кейіпкер шындықты сезімдік қабылдау арқылы ашады. Оның барлық көргені, естігені, түсінгені мен сезгені оның адамдық негізін көрсетеді.

Ішкі монолог лирикалық прозада негізгі және тиімді тәсілдердің бірі екенін жоғарыда атап өткен болатынбыз. Ол автор ойының жеткізілуіне ықпал етеді. Жазушының, лирикалық кейіпкердің сезімі, толғанысы түрлі әдіс-тәсілдер арқылы берілгенімен, лирикалық монолог үлкен қызмет атқарады.

Лиризм табиғаты жазушының мол ізденісін, суреткерлік парызын байқататын құбылыс. Себебі жазушы өз кейіпкерінің бойындағы нәзік сыршыл сезімін оқырманға жеткізу үшін әртүрлі көркемдік

әдіс тәсілдерді пайдаланады. Олардың қатарына үнсіздік, ішкі толғаныс, лирикалық шегіністер, кейіпкер көңіл күйін табиғат көріністерімен астастыра беру т.б. жатқызуға болады. Бұл тұрғыдан алып қарасақ, мұндай шығармаларда лиризм психологизмнің, психологизм лиризмнің ажырамас өрімі ретінде стиль түзушілік қызмет атқарысатынын байқаймыз.

«Лирикалық өнер әрі романтикалық, әрі реалистік негіздерде өмір сүреді», — деген С.А. Липин лиризмнің белгілі бір көркемдік әдістер мен бағыттарға тәуелсіздігін, психологизм сияқты әдебиеттің «тектік» қасиетіне бейім екенін аңғартады [6; 132].

«Лиризм» ұғымы жайлы алғаш пікір білдірген Гегельдің ойынша, романтикалық шығармалардың мазмұнының артықшылығы — жеке адамның ішкі рухани өмірін, сезімдердің әр алуандылығын бере алуы. Бұл тұрғыдан алғанда, ішкі толғаныстар сырттай беріле алмағандықтан, күрделенеді. Осыдан келе, жазушы кейіпкердің ішкі әлемін беру үшін лирикаға жүгінеді. Оның айтуынша, «лиризм — романтикалық өнердің негізгі стихиялы ерекшелігі болып табылады» [7, 506]. Бұдан кейіпкердің сезімін оның ішкі ой толғанысы, яғни монолог арқылы беру лирикалық прозаға тән басты ерекшеліктердің бірі екенін көре аламыз.

Ішкі монолог тәсілінің қазақ қаламгерлері шығармаларындағы қолданысы туралы ғалым Г. Пірәлиеваның еңбегінде жан-жақты қарастырылған. Ғалым ішкі монологтың кейіпкер психологиясын ашудағы қызметін талдай келіп, бұл тәсілдің әр жазушыда өзінің қаламгерлік шеберлігіне байланысты әртүрлі көрініс беретінін айтады. Лиризм мен психологизмнің өзара ұқсас құбылыстар екені белгілі.

Ішкі монологтың табиғаты туралы профессор Б. Майтанов: «Мұнда шындыққа объективті баға беру жоқ та, кейіпкерлер қабылдауларының субъективті әлемі өмір танудағы биік қасиет деңгейіне көтеріледі. Бұлдыр тұстары, қарама-қайшылықтары мол ол әлем әлеуметтік-интимдік құбылыстардың шынайы мәнімен желілес шыға бермейді» [8; 293], — дейді.

Мұндай шығармаларда айтушы композицияның негізі болып табылады. Ол тек қана оқиғаны айтып қоймайды, сонымен қатар шындықты өзінің қабылдауы арқылы өткізіп, оған поэтикалық өзгеріс енгізе отырып береді. Мұнда бәрі кейіпкер сезімі арқылы өтіп, оның көңіл күйіне сәйкес беріледі. Жазушы тудырған образдарда персонаждар мінезінен тыс нәрселер де жасырынып жатады. Олар негізгі оймен бірге автордың көңіл күйін де білдіруге мүмкіндік береді.

Лирикалық прозада пейзаж айрықша мәнге ие. Мұндағы пейзаж ландшафты танытудан гөрі кейіпкер мен автор сезімдерінің тоғысуын тудыратын, лирикалық кейіпкердің көңіл-күйін таныту үшін қажет.

Ә.Кекілбаев, Ә. Тарази, Д. Исабековтер табиғат мәселесін арнайы тақырып етіп алмаса да, өз кейіпкерлерінің тағдырын жаратылыс тұтастығынан туындату бар. Бұл мәселеге келгенде О. Бөкейдің орны бөлек. Ол өзінің бүкіл шығармашылығында өр Алтайды жырлап кетті. Яғни, оның шығармаларындағы көрікті де қатал, сұлу да сырбаз Алтай образдық дәрежеге көтерілді. Жазушының көркем туындыларындағы адам Алтаймен қарым-қатынасқа түспей ашылуы қиын. «Қамшыгер», «Мезгіл әуендері», «Табиғат — Өмір — Адам» әңгіме-новеллаларында, «Мұзтау», «Елең-алаң», «Сайтан көпір», «Жетім бота», «Қар қызы», «Өліара», «Құм мінезі», «Атау кере» повестерінің қайсысын алмайық, қаһармандар мен табиғат арасындағы жанды байланысқа көзіміз жетіп отырады. Мынау өмірдегі Жақсылық пен Жамандықтың төрешісі, қатал сыншысы да Оралханда — Алтай. Аспан шал мен оның баласы Аманға да («Сайтан көпір»), үш тағдырдың, үш мінездің иесі — Нұржан, Аманжан, Бақытжан да («Қар қызы»), адал, арлы азамат Барханның да («Құм мінезі») рухы сыналатын кеңістік — табиғат. Олардың өміріндегі шешуші қадам осы табиғатпен жеке-дара бетпе-бет келген тұста жасалады.

Табиғат бейнесі, ондағы тіршілік маңызы туралы О. Бөкейдің сәтті ізденісі оның алғаш әңгімелерінен байқалған болатын. Соның бір мысалы — «Кербұғы» әңгімесі. Мұнда табиғат Кербұғының тілімен сөйлейді. Әбден сілікпесі шығып қартайған, сіңірлі тірсектен күш қайта бастаған, бүгінде құбақан күй кешкен кәрі бұғы, кешегі дәуренін, шалқыған жастығын аңсайды. «Көзден де, көңілден де бұлбұлдай ұша берген қапысыз қайран жастығы тек ендігі сағыныштың сыңсып айтар жырына айналып, қос жанардан жас болып сорғалайтын» [9; 343].

Қарап отырсақ, Кербұғы адамға тән сезімге беріледі, ойлайды, өзінің риясыз жастық шағын сағынып жүрегі шымырлайды. Бұл Оралханның өзіндік жаңалығы болатын. Қазақ прозасында табиғат құбылыстарын адам кейпінде беру болса да, оған сезімдік-психологиялық қасиетті дарыту дәл жазушы суреттегендей бола қойған жоқ еді. Мұндай құбылысқа зерттеуші А.Ф. Лапченконның мына бір ойы дәл келетін сияқты. Ол: «В сущности, очеловечивание природы как условный прием

служит той же цели — утверждению органического единства живущих по одним и тем же законам природы и человека» [10; 48] — дейді. Біз де осы пікірді қуаттаймыз.

Әңгімедегі Кербұғының үлкен бір трагедиясы — оның еркіндігінен айырылуы. «Кейін бұғылар атамекенін ауыстырды. Сонда ғана ол атамекендерімен қоса туасы еркіндіктерінен де айрылғанын білген. Түкті мүйіздің түбіне сусылдап қол ара тигенде — сол ең асылы, ең қимасы — шын еркіндіктерін де әлдекімдер кесіп алғанын — бақилыққа кесіп алғанын, енді қайтып бермейтінін сезіскен» [9; 352]. Ал Кербұғының еркіндігіне қол сұғушы — Адам. Ендігі Кербұғының арманы Ақшоқыға жету. Екі аяқтылардың мына темірторлы құрсауының ар жағында, сол Ақшоқының бауырында нағыз бостандық өмір бар секілді Кербұғыға. Ақырғы күш-қуатын шақырып темір қоршаудан қарғи, жастайынан аңсаған Ақшоқысына жетіп, бостандықтың алғашқы дәмін сезінбей жатып Кербұғы Адам атты қаноктың құрбандығына айналады. Сөйтсе, Адам аяғы мәңгілік еркіндіктің, масайраған тіршіліктің мекені — Ақшоқыға да жеткен.

Әңгіменің негізгі көтерген идеясы — адам мен табиғат арасындағы теңдіктің бұзыла бастауы. Жазушы адамның тұтынушылық мақсатын көрсете отырып, бұл мәселені әлеуметтік-адамгершілік қырынан алға тартады.

О.Бөкейдің «Табиғат — Өмір — Адам» деп аталатын шығармасы лирикалық толғау түрінде жазылған шығармада жазушының туған жерге деген асқақ махаббаты көтеріңкі леппен, үлкен әсермен жырланған. «Май айының аяқ шенінде Бүкіл Алтай қып-қызыл гүлге көмкеріліп, жасыл жаулығын қайта жамылады. Көкпеңбек аспанға мамықтай бұлт маңып, тау өзендері көркіне қайта мінбек. Сіз табиғаттың осыншалықты сый-сияпатын төге салған мәрттігіне қайран қалып, тау асып, байып жатқан Күннің алқызыл нұрына табынасыз да, кілемдей түрілген көк майсаға аунай кетесіз. Күлесіз, бақыттан, шаттықтан күлесіз. Күліп жүріп гүл тересіз, теріп жүріп «Айналайын Алтайым, осы құдіретіңнен, осы келбетіңнен, осы гүліңнен осы жұпарыңнан айырылып қала көрме, өйткені мен сенің перзентіңмін, өйткені жаһанда саған жетер салтанатты жер жоқ!» деп, жар салғыңыз келеді» [9; 543]. Жазушы көбінесе лирикалық жанрларға тән шетін сезім күйлерін, таза субъективті-эмоционалдық халін проза жанрының құрылымына шеберлікпен енгізе алған.

Жалпы Алтай табиғаты сол өңірде туып-өскен жазушылар Қ.Ысқақ, О.Бөкей, Д.Әшімхан, А.Алтай, Д.Әшімханұлы прозасында лирикалық-символдық бейнеге айналған.

Қазақ прозасында лирикалық прозаның хас шеберіне айналған жазушылар С. Мұратбеков, Т.Нұрмағанбетовтер де туған жер тақырыбын ашуда, табиғат көрінісін беруде лирикалық бейнелеу тәсілдеріне иек артты.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Жарылғапов Ж. XX ғасыр соңындағы қазақ прозасындағы идеялық-эстетикалық мәселелері / Ж. Жарылғапов. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2003. — 176 б.
- 2 Гинзбург Л. О лирике / Л. Гинзбург. — Л.: Сов. писатель, 1974. — 409 с.
- 3 Майтанов Б. Қазақ прозасындағы замандас бейнесі / Б. Майтанов. — Алматы: Ғылым, 1982. — 148 б.
- 4 Абрамович Г.А. Введение в литературоведение / Г.А. Абрамович. — М.: Просвещение, 1979. — 352 с.
- 5 Эльсберг Я. Актуальные проблемы социалистического реализма / Я. Эльсберг. — М.: Сов. писатель, 1969.
- 6 Липин С.А. Идейное единство и художественное многообразие советской прозы / С.А. Липин. — М.: Мысль, 1974. — 336 с.
- 7 Гегель Г.В.Ф. Эстетика: [В 2-х т.]. — Т. 2 / Г. В.Ф. Гегель. — М.: Наука, 1999. — 603 с.
- 8 Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау / Б. Майтанов. — Алматы: Санат, 1996. — 336 б.
- 9 Бөкеев О. Ұйқым келмейді / О.Бөкеев. — Алматы: Жалын, 1990. — 560 б.
- 10 Лапченко А.Ф. Человек и земля в русской социально-философской прозе 70-х годов / А.Ф. Лапченко. — Л.: Изд-во Ленингр. гос. ун-та, 1985. — 136 с.

Ж.Ж. Жарылғапов, Д.Ш. Омирбекова

Лирическая проза в казахской литературе

В статье проанализирован опыт теоретического исследования лирической прозы. Систематизированы научные взгляды о лирической прозе в теории мировой и национальной литературы. Рассмотрены различные аспекты исследования лирической прозы в казахском литературоведении. Авторы

обращаются к анализу соотношения эпических и лирических компонентов в прозе, связи лиризма и психологии, мировоззрения автора и персонажа. Определено место лирической прозы в художественной прозе современных казахских писателей. Конкретизированы методы и приемы использования лирической прозы в поэтической системе. Разработаны положения о связи лиризма с реализмом и романтизмом. Особое внимание уделено анализу функций внутреннего монолога и пейзажа в современной лирической прозе. Раскрыты идейно-эстетические черты, типологические аспекты казахской лирической прозы.

Ключевые слова: лирика, лиризм, лирическая проза, лирический герой, лирическое изложение, внутренний монолог, пейзаж, автобиографизм, романтизм, сюжет, образ.

Zh.Zh. Zharylgapov, D. SH. Omirbekova

The lyrical prose in the Kazakh literature

The article analyzes the experiments of theoretical research of lyrical prose. Scientific views on lyrical prose in the theory of world and national literature are systematized. Various aspects of the study of lyrical prose in Kazakh literary studies are considered. The authors turn to the analysis of the ratio of epic and lyrical components in prose, the relationship between lyricism and psychology, the relationship between the author's worldview and the character. The place of lyrical prose in the art of modern Kazakh writers is determined. The methods and techniques of using lyrical prose in the poetic system are specified. Provisions on the connection of lyricism with realism and romanticism have been developed. Special attention paid to the analysis of the functions of internal monologue and landscape in modern lyrical prose. Ideological and aesthetic features, typological aspects of Kazakh lyrical prose are revealed.

Keywords: Lyricism, lyricism, lyrical prose, lyrical hero, lyrical exposition, internal monologue, landscape, autobiography, romanticism, plot, image.

References

- 1 Zharylgapov, Zh. (2003). *XX gasyr sonyndagy qazaq prozasyndagy ideialyk-estetikalik maseleleri [Social and natural science problems of Kazakh prose of the XX century]*. Karaganda: KarMU baspasy [in Kazakh].
- 2 Ginzburg, L. (1974). *O lirike [About the lyrics]*. Leningrad: Sovetskii pisatel [in Russian].
- 3 Maitanov, B. (1982). *Qazaq prozasyndagy zamandas beinesi [The image of a contemporary in Kazakh prose]*. Almaty: Gylm [in Kazakh].
- 4 Abramovich, G.A. (1979). *Vvedenie v literaturovedenie [Introduction to literary studies]*. Moscow: Prosveshchenie [in Russian].
- 5 Elsberg, Ya. (1969). *Aktualnye problemy sotsialisticheskoho realizma [Actual problems of socialist realism]*. Moscow: Soveetskii pisatel [in Russian].
- 6 Lipin, S.A. (1974). *Ideinoe edinstvo i khudozhestvennoe mnohoobrazie sovetskoi prozy [The unity of ideological and artistic diversity of the Soviet prose]*. Moscow: Mysl [in Russian].
- 7 Hehel, G.V.Ph. *Estetika [Aesthetics]*. (Vols. 1-2; Vol. 2). Moscow: Nauka [in Russian].
- 8 Maitanov, B. (1996). *Qazaq romany zhane psiholohiialyk taldau [Kazakh novel and psychological analysis]*. Almaty: Sanat [in Kazakh].
- 9 Bokeev, O. (1990). *Uikym kelmeidi [I'm not sleepy]*. Almaty: Zhalyn [In Kazakh].
- 10 Lapchenko, A.F. (1985). *Chelovek i zemlia v russkoi sotsialno-filosofskoi proze 70-kh hodov [Man and earth in Russian socio-philosophical prose of the 70s]*. Leningrad: Izdatelstvo Leningradskogo gosudarstvennogo universiteta [in Russian].

А.Т. Мустояпова

*Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова, Казахстан
(E-mail: kerney@list.ru)*

Актуальные направления исследований в современном зарубежном литературоведении

В обзорной статье изложены виды новейших исследований, представленных в зарубежном литературоведении начала XXI в. Автор статьи акцентирует внимание на формировании таких критических подходов, как когнитивная критика, дарвинистская критика, экокритика, исследования человека и животных. Автор сосредоточен на литературоведческих исследованиях начала XXI века, тесно связанных с новейшими достижениями в нейробиологии, когнитивистике, вопросами экологии и эволюции. Обзор работ современных зарубежных исследователей позволяет сделать вывод об их связи с постструктуралистской, постмодернистской, эволюционистской и акторно-сетевой теориями. Значимость этих критических подходов определяется тем, что они актуальны и применимы не только для литературоведческого анализа и литературной критики, но и для исследований в социологии, психологии, а также в области междисциплинарных исследований.

Ключевые слова: критический подход, постструктурализм, постмодернизм, деконструктивизм, дарвинизм, когнитивность, акторно-сетевая теория, рекатегоризация, жанр, воплощенное сознание, междисциплинарность, дискурс.

Начало XXI века ознаменовано переосмыслением места человека в мире и его ответственности за происходящее на планете, что нашло отражение в содержании литературы. Это, в свою очередь, обусловило формирование новых и обновление прежних критических подходов, основанных на достижениях современной науки в области нейробиологии, когнитивистики, психологии, социологии, науки о земле и др. Актуальные проблемы, с которыми столкнулся мир, — экология, информационные войны, права человека, мир глобальной сети и др. — определили новые пути изучения текста, вообще, и художественной литературы, в частности. Предлагаемые учеными критические подходы позволяют открывать новые возможности в определении жанров, интерпретации текстов, классифицировать авторские стратегии, выявлять способы воздействия на читателя, а также акцентировать внимание на дискриминации людей с точки зрения их соответствия установленным в обществе физическим и эстетическим нормам.

Важным шагом к определению новых путей исследования литературы стало признание того, что на протяжении многих десятилетий, если не столетий, гуманитарная наука игнорировала тело, т.е. биологическую природу человека. Внимание гуманитариев было сосредоточено на идеологии, истории, культуре, политике, классовом и сословном противостоянии, месте человека в обществе. Лишь в 1980-х гг. с развитием гендерных исследований, а вслед за ними и постколониальных, был поставлен вопрос о самоидентификации человека, его ментальности и, как следствие, его восприятия мира и своего места в нем. Но и тогда, как отмечают американские исследователи, отсутствовал критический понятийный и терминологический аппарат для того, чтобы рассматривать проблему как дискурс и понять, из чего состоит и как сконструирована идентичность. Но уже на рубеже XX–XXI веков стали появляться критические подходы от теории влияния до эволюционной психологии и теории воплощенного сознания, позволившие определить тело как предмет критического анализа. Стало очевидным, что мышление человека во многом сформировано телесным опытом, а функционирование человеческого разума может быть объяснено с точки зрения эволюционной адаптации, основанной на биологии. Было сделано принципиальное замечание о том, что мы в течение дня гораздо чаще и больше чувствуем, чем думаем. И именно художественная литература повествует об этих чувствах. Изучение чувств, как предполагалось, позволит понять природу человека гораздо точнее и тоньше, нежели посредством изучения его мыслей, работы, образа жизни.

В последние десятилетия литературоведы учитывали в своих работах достижения когнитивной науки, особое внимание уделяя моделям «воплощения» человеческого мозга и ума. «Воплощенный ум», согласно этим моделям, представляет собой концепцию ума как аспект биологического мозга,

поскольку разум отражает интерактивные связи мозга с телом и, следовательно, с его физической, социальной и культурной средой. Когнитивная (познавательная) критика берет начало с работы Марка Тернера «Чтение мыслей» (1991). Он рекомендует уделять внимание когнитивной семантике и месту познания в эволюционной биологии, подчеркивая, что человеческий ум способен переносить опыт, образы из одной среды в другую с помощью когнитивной схемы, такой как метафора, метонимия. Это привело к сближению литературными критиками литературной и когнитивно-научной проблематики, заключающейся в исследовании метафоры и других образных явлений, в исследовании человеческого тела как основного места социального строительства. Кроме того, их исследования все больше направлены на использование физически, социально и культурно индексированных подходов к эпистемологии. Подобный подход привносит результаты когнитивной науки в такие области литературных исследований, как поэтика, нарративные исследования, риторика и композиция, а также в подходы «нового» историзма в исследовании литературы и культуры.

Постструктурализм делает попытки понять причины возникновения и функции литературных шаблонов, статуса жанра и его определения. Постструктуралисты отрицают предположение о сущности или стабильном тождестве любого жанра, отказываясь от классических подходов традиционной теории. Кроме того, они подчеркивают, что большинство текстов демонстрируют характеристики или признаки более чем одного вида жанра, а иногда и нескольких. А поскольку принцип основывается на фиксированности и завершенности, то таксономический эссенциализм не объяснит эволюцию и трансформацию в развитии жанра. Постструктуралистская критика жанра сосредоточилась на том, что традиционная жанровая теория была описательной и не ставила целью объяснить феномен этого шаблона в литературе, основанного на литературном «типе» или «виде».

Постструктуралистские критики, занимающиеся проблемой жанра, предполагают, что для «деэссенциализирования» жанра следует перевести его описание в термины дискурса. Этот шаг позволяет обнаружить диалектический обмен между текстами и культурами и помогает понять, почему шаблоны внутри текстов постоянно меняются, и почему сами тексты пересекаются с другими текстами. Рассмотрение жанра в терминах дискурса и диалектического обмена позволяет связать жанр с идеологией. При этом обнаружить, что повторения, содержащие текстовые шаблоны, означают не чистоту трансцендентной сущности, а описание исторически сложившегося набора социальных дискурсов. Таким образом, жанр сохранил свою функцию, заключающуюся в связке литературных текстов с культурой, однако теперь эта задача могла быть выполнена на материалистических, а не на формалистских или идеалистических основаниях.

Элизабет Харт [1], продолжая развивать постструктуралистскую теорию жанра, опирается на когнитивную литературную теорию в критике формалистического подхода в определении жанра. Она утверждает, что многие формальные аспекты литературы подверглись пересмотру в течение последних трех десятилетий развития постмодернизма. В ряду этих аспектов и организация литературной системы по видам и жанрам, созданная в период формирования литературной критики, увлеченной классификациями. Э.Харт рассматривает разницу между традиционным формалистическим подходом и постструктуралистской теорией.

В отличие от постструктуралистов, чья система носит ограниченный эпистемологический характер, Эллен Спольски [2, 3] представляет свое понимание жанра, которое содержит в себе и эпистемологические, и онтологические модели. Она обращается к материалистической версии онтологии, созданной с помощью когнитивной теории. Литературные жанры, по мнению Э. Спольски, являются единицами систематичности, лежащей в основе как постструктурализма, так и дарвинизма, в котором стабильность и предсказуемость всегда сосуществуют с потенциалом адаптации, видоизменения и, следовательно, реструктуризацией. Жанры, подобно словарным значениям или даже биологическим видам, являются категориями, которые отчасти стабильны и при этом всегда гибки, чувствительны и реагируют на меняющиеся условия. В отличие от теоретиков жанра, которые описывают жанр в терминах категоризации, Э. Спольски сосредоточила внимание на необходимости понимать семантические категории как ментальные, а не трансцендентные явления, и потому непоследовательные, подвижные.

Э. Спольски исследует идею когнитивной структуры, лежащей в основе классификации, позволяющей создавать жанры, считая эту структуру сопоставимой со смысловой основой слова и находя их (структуру и классификацию) аналогичными тем механизмам, посредством которых осуществляется эволюция биологических видов. Изменение видов как биологический пример рекатегоризации (реклассификации) позволяет понять и обосновать рекатегоризацию жанровых образований. При

этом она подчеркивает, что культурная эволюция происходит гораздо быстрее, чем биологическая эволюция.

Введение ею понятия рекатегоризации как дескриптора (описательной единицы) нормативного поведения жанров и признание того факта, что жанры постоянно меняются и приспособляются, а тексты множат структуры, становится основой того, что позволяет понять, что такое на самом деле литературный жанр.

Жанр, задуманный на этих условиях, определяемый смещающейся семантикой человеческих когнитивных систем, а также посредническими силами социального дискурса, радикально дестабилизирован. Но эта дестабилизация вряд ли случайна или произвольна. В конце концов, она происходит от человеческого воплощения разума и, таким образом, находит свои дополнения и пределы в человеческом опыте. Элизабет Харт утверждает, что классификация жанров и их реклассификация ограничены опытом и, таким образом, не произвольны, не меняют или даже не добавляют существенного содержания в комментариях постструктуралистских критиков к «Отелло». Тем не менее, они подразумевают пересмотры философских основ постструктурализма, которые влияют на то, как мы должны понимать постструктуралистскую субъективность и характер, присущий субъекту.

Таким образом, реклассификация жанра является неудивительным следствием подобной когнитивно-постструктуралистской субъективности, рекурсивно воспроизводящей произвольные пределы познания в проявлении развития, характеризующего вовлеченность отдельного человека в представление. Эти условия всегда будут означать, что жанр является произвольным, непредсказуемым явлением, индексированным когнитивным и идеологическим аппаратами, которые вместе определяют форму литературной истории.

Теоретики-когнитивисты используют когнитивную науку для восполнения недостатков постструктуралистского анализа литературы, подчеркивая укорененность языка в мозге и мозга в теле, обнаруживая связь между использованием языка в тексте и масштабными проблемами истории и идеологии, которыми занимаются постструктуралистские критики. Когнитивная перспектива, о которой говорит Элизабет Харт, следует из растущей волны междисциплинарных исследований, выполняемых лингвистами, философами, антропологами и учеными-когнитивистами разных специальностей, от неврологии до когнитивной и эволюционной психологии.

Когнитивист Патрик Хоган [4] утверждает, что, поскольку познание является универсальным человеческим потенциалом, а литература раскрывает его общие черты, то к универсалиям следует отнести формы «словесного искусства».

Дэвид Герман изучает когнитивные инструменты, которые привносят читатели в повествование в процессе чтения и которые позволяют сформировать смысл, исходя из состояния истории, развития общества и культуры.

Когнитивная литературная критика также может быть сосредоточена на читателях. В исследовании Эллен Спольски говорится о том, как искусство помогает преодолеть присущее знанию «проблемирование». Когнитивная критика текста часто фокусируется на лингвистике, поскольку правила синтаксиса встроены в мозг, и он часто следует формам или образцам, которые являются очевидными и анализируемыми. Развивающаяся теория когнитивной метафоры дает основу для анализа образного языка в литературных произведениях. В частности, когнитивная метафора описывает языковые модели, а также конкретные интерпретации, которые являются более прямыми и фальсифицируемыми, чем существующие интерпретации, основанные на языке литературных произведений. Мозг участвует в когнитивной обработке информации, но также является локусом эмоций.

Теория аффекта начинается с восприятия того, что аффект является первичным в жизни человека. Человек чувствует прежде, чем думает. Аффект стал объектом изучения в 1960-х гг. В 1990-х и 2000-х гг. теория аффекта начала появляться в литературных исследованиях Ив Седжвик, Лорен Берлан и Брайан Масуми. Утверждение о том, эмоциональный опыт предшествует познавательной деятельности, позволило определить сильную связь между телом и тем, как переживаются страхи. Страхи имеют важные политические последствия, и это продемонстрировано работами Сары Ахмед [5], исследующей механизмы манипуляций ненавистью. В своей статье «Аффективная экономика» С. Ахмед утверждает, что эмоции играют решающую роль в проявлении качеств отдельных и коллективных субъектов посредством циркуляции эмоций между субъектами и символами.

Эволюционистская литературная теория важна для исследования функции литературы и искусства. Искусство служит социальной функции; считается, что чтение художественной литературы увеличивает эмпатию. По мере того, как люди эволюционировали, им необходимо было жить вместе в

